

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" және "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілерінің күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Заңдарының жобалары туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 15 қазандағы N 1321 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" және "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілерінің күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Заңдарының жобалары Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

жоба

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заң актілеріне өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1. "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 20 шілдедегі Z952368_ Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 13, N 23, 152-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 1, 180-құжат; N 18, 367-құжат; 1997 ж., N 11, 144-құжат; N 12, 189-құжат; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 4, 46-құжат; N 24, 436-құжат; 1999 ж., N 20, 717-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат, 142-құжат; N 10, 244-құжат; N 18, 338-құжат; "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде 2001 жылғы 7 шілдеде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне "Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 5 шілдедегі Z 0 1 0 2 2 3 _

З а ң ы) :

1 4 9 - б а п т а :

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7) Қазақстан Республикасында инвестициялық қызметті жүзеге асыратын шетел қатысатын ұйымдардың, шетелдік заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктерінің

шетелдік қызметкерлерінің жеке пайдалануы үшін Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелетін тауарлары;";

екінші бөлік алынып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы" 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2198 Z952198_ заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 35-құжат; N 15-16, 109-құжат; N 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 1, 180-құжат; N 14, 274-құжат; 1997 ж., N 12, 183-құжат; 1998 ж., N 5-6, 50-құжат; N 17-18, 224-құжат; 1999 ж., N 20, 727-құжат; 2000 ж., N 3-4, 63, 64-құжаттар; 2001 ж., N 1, 1 - құжат; N 8, 52 - құжат):

6 - б а п т а :

жетінші бөлік мынадай мазмұндағы сөйлемдермен толықтырылсын:

"Шетелдік заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктерін тіркеу Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының филиалдары мен өкілдіктерін тіркеу үшін көзделген тәртіппен жүргізіледі. Тіркеуге арналған құжаттар нотариалдық расталған мемлекеттік тілдегі немесе орыс тіліндегі аудармасымен ұсынылады.";

сегізінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Шетел қатысатын ұйымдарды мемлекеттік тіркеу Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларын тіркеу үшін белгіленген тәртіппен жүргізіледі. Шетел қатысатын ұйым осы тәртіппен көзделген құжаттардан басқа, мыналарды ұсынуы тиіс:

шетелдік заңды тұлға үшін сауда тізілімінен заңдастырылған көшірме немесе құрылтайшы шетел мемлекетінің заңдары бойынша заңды тұлға болып табылатындығын куәландыратын басқа заңдастырылған құжат нотариалдық куәландырылған мемлекеттік тілдегі немесе орыс тіліндегі аудармасымен;

шетелдік жеке тұлға үшін паспорттың ксерокөшірмесі немесе шетелдік жеке тұлғаның басын куәландыратын басқа құжат нотариалдық куәландырылған мемлекеттік немесе орыс тіліндегі аудармасымен.

Шетел қатысатын ұйымдардың кейбір түрлерін тіркеу үшін Қазақстан Республикасының тиісті заң актілерімен қосымша құжаттар ұсыну қажеттігі көзделуі мүмкін."

2-бап. Осы Заң 2002 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

жоба

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Қазақстан Республикасының кейбір заң актілерінің күші жойылды деп тану туралы

1-бап. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

"Шетелдік инвестициялар туралы" Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы N 266 Z949000_ Заңы (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 23-24, 280-құжат; 1995 ж., N 20, 120-құжат; 1997 ж., N 11, 143-құжат; N 17-18, 218-құжат; 1999 ж., N 10, 786-құжат);

"Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 28 ақпандағы N 75-1 Z970075_ Заңы (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 4, 50-құжат; 1999 ж., N 10, 786-құжат).

2-бап. Осы Заң 2002 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті